


Жаңа 2026 – Жылқы жылы құтты болсын!



№51 (190)

27 ЖЕЛТОҚСАН
СЕНБІ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaңa Bastau

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

ҚҰРМЕТТІ ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ҚОНАҚТАРЫ!



Фотосурет: әкімдіктің баспасөз қызметі

Сіздерді Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Өткен жыл Қосшы қаласы үшін серпінді дамумен, нақты нәтижелерімен есте қалды. Қаламыздың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын негізгі көрсеткіштер бойынша оң нәтижелерге қол жеткізілді.

Бүгінде Қосшы қаласы қарқынды дамып келе жатқан, болашағы зор елді мекендердің біріне айналып отыр. Халықтың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында әлеуметтік нысандар салу, сумен жабдықтау, энергиямен қамту,

жол инфрақұрылымын жақсарту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асуда.

Әсіресе, қаламыздың жастарының білімге, жаңашылдыққа деген ұмтылысы қуантады. Бұл – Қосшының ертеңіне деген сенімді нығайтатын басты көрсеткіштердің бірі.

Қымбатты жерлестер!

Қаламыздың өсіп-өркендеуіне өз үлестеріңізді қосып келе жатқан әрқайсыңызға шынайы алғысымды білдіремін. Бірлігіміз бен еңбегіміздің арқасында Қосшы қаласы

жылдан-жылға көркейіп, заманауи келбетке ие болуда.

Келе жатқан Жаңа жыл баршаңызға жаңа мүмкіндіктер, игі бастамалар мен толайым табыс әкелсін! Әр шаңырақта амандық орнап, құт-береке арта берсін. Несібіміз молайып, әрбір ісіміз берекелі болсын!

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын, ардақты жерлестер!

Құрметпен, Қосшы қаласының әкімі
Азамат ҚАПЫШЕВ

ҚЫСҚА-НҰСҚА

Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев ерекше қажеттілікті қажет ететін балаларды Жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Мерекелік іс-шарада қала басшысы балалар мен олардың ата-аналарына жылы лебізін білдіріп, келе жатқан Жаңа жылдың әр шаңыраққа қуаныш, денсаулық және игі өзгерістер әкелуін тіледі.

Құттықтау барысында әкім ерекше балаларға көрсетілетін қолдау мен қамқорлықтың маңызын атап өтті. Сондай-ақ Қосшы қаласында инклюзивті білім беруді дамыту, әлеуметтік қолдау шараларын кеңейту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанын да тілге тиек етті.

Іс-шара барысында балаларға мерекелік сыйлықтар табысталып, шағын концерттік бағдарлама ұсынылды.

Қосшы қаласының №3 мектеп-лицейінде білім бөлімінің ұйымдастыруымен мектеп оқушыларына арналған қала әкімінің шыршасы өтті.

Мерекелік шараға қала мектептерінен барлығы 140 бала қатысты. Оларға арнап театрландырылған қойылымдар көрсетіліп, қызықты ойындар мен көңілді бағдарламалар ұйымдастырылды.

Шара барысында Қосшы қаласы әкімінің орынбасары Берген Жұмкейұлы қала әкімі Азамат Қапышевтің атынан балаларды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, оларға зор денсаулық, шаттық пен жаңа жылда мол жетістіктер тіледі.

Сондай-ақ мереке соңында барлық қатысушыға тәтті сыйлықтар үлестірілді.

Қала басшысы Азамат Қапышев энергетика саласында табанды еңбек етіп жүрген бірқатар маманды кәсіби мерекелеріне орай марапаттады. Салтанатты жиында энергетиктерді айтулы күнмен құттықтап, олардың қала тұрғындарын тұрақты жарық және жылумен қамтамасыз етудегі өлшеусіз еңбегіне жоғары баға берді.

Осы орайда әкім энергетика саласы қаланың өмір сүру сапасын айқындайтын негізгі бағыттардың бірі екенін атап өтті. Іс-шара барысында сала мамандарына адал еңбектері, кәсіби біліктілігі және жауапты қызметтері үшін алғыс хаттар табысталды.

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ШЫРШАНЫҢ ШАМЫ ЖАҒЫЛДЫ

Қосшы қаласында Жаңа жыл мерекесіне арналған басты шыршаның шамы жағылып, қала тұрғындары мен қонақтарына көтеріңкі көңіл күй сыйлаған ауқымды мерекелік шара өтті. Салтанатты рәсімге Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов қатысып, жиналған 2 мыңнан аса жұртшылықты келе жатқан Жаңа жылмен құттықтады.

Қаланың орталық алаңында өткен мерекелік кеш нағыз ертегі әлеміне айналды. Қала тарихында алғаш рет биіктігі 15 метр болған, әсем безендірілген шырша, жарқыраған шамдар мен мерекелік инсталляциялар қысқы кешке ерекше сән берді. Шыршаның шамы жағылған сәтте алаңға жиналған балалар мен ересектердің қуанышы айқын сезіліп, көпшілік бұл

сәтті ұялы телефондарына түсіріп, бір-бірін құттықтап жатты.

Шара барысында көрермен назарына театрландырылған қойылым ұсынылды. Ертегі кейіпкерлері мен аниматорлар балаларды түрлі ойындарға қатыстырып, олардың мерекелік көңіл күйін еселей түсті. Ән шашу барысында қала өнерпаздары өз өнерлерін паш етті. Әуен ырғағымен билеген

жастар мен балалар алаңға ерекше серпін берді.

Кештің шарықтау шегі әсерлі отшашуға ұласты. Түрлі түске боялған отшашу түнгі аспанды жарықтандырып, жиналған жұртшылыққа ұмытылмас әсер сыйлады. Қала тұрғындары бұл мерекелік кешті Қосшыдағы тағы бір жарқын әрі есте қаларлық сәт ретінде бағалады.



Фотосурет: әкімдіктің баспасөз қызметі

«Альянс экспертов по биосимилирам» Қоғамдық Бірлестігі БСН 160740008834 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 5Е үй, 268 пәтер. т.: 8 707 855 03 83

Общественное Объединение «Альянс экспертов по биосимилирам», БИН 160740008834 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, ул.Сарайшық, д.5Е кв.268. тел.: 8 707 855 03 83

«Гранд Проект-Астана» ЖШС, БСН 101140006431 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 31/2 үй, н.п.31. т.: 8 707 855 03 83

ТОО «Гранд Проект-Астана», БИН 101140006431 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, пр.Тәуелсіздік, д.31/2, н.п.31. тел.: 8 707 855 03 83

«Grada Biologics» ЖШС, БСН 150240028551 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 31/2 үй, н.п.31. т.: 8 707 855 03 83

ТОО «Grada Biologics», БИН 150240028551 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, пр.Тәуелсіздік, д.31/2, н.п.31. тел.: 8 707 855 03 83

«Nat grup» ЖШС, БСН 210340029051 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Солтүстік Қазақстан аймағы, Петропавл қаласы, имени четырехжды Героя Советского Союза Жуков Георгий Константинович көшесі, 9 үй, 271 пәтер. т.: 8 702 433 24 34

ТОО «Nat grup», БИН 210340029051 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Северо-Казахстанская обл., г.Петропавловск, улица имени четырехжды Героя Советского Союза Жукова Георгия Константиновича, д.9, кв.271. тел. 8 702 433 24 34

«ЭнергоСнаб-ПВ» ЖШС, БСН 230540034831 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар аймағы, Павлодар қаласы, Рамазан Тоқтаров көшесі, 17 үй. т.: 8 775 581 07 07

ТОО «ЭнергоСнаб-ПВ», БИН 230540034831 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Павлодарская обл., г.Павлодар, ул.Рамазан Тоқтаров, д.17. тел.: 8-775-581-07-07

«Ясли-сад «Умай» ЖШС, БСН 230940017330 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы аймағы, Еңбекшіқазақ ауданы, Бәйтерек ауылдық округі, Бәйтерек ауылы, Мира көшесі, д.44А. т.: 8 747 267 06 41

ТОО «Ясли-сад «Умай», БИН 230940017330 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Алматинская обл., Енбекшиказахский р-н, Байтерекский с/о, с.Байтерек, ул.Мира, д.44А. тел.: 8 747 267 06 41

«AltimaGroup» ЖШС, БСН 250440038567 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Түріксіб ауданы, Некрасов көшесі, 52 үй. т.: 8 707 636 45 74

ТОО «AltimaGroup», БИН 250440038567 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Алматы, Турксибский р-н, ул.Некрсова, д.52. тел.: 8 707 636 45 74

«Prosperitea» ЖШС, БСН 220340018890 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Егизбаева көшесі, 7/9 үй, н.п.174. т.: 8 747 714 37 10

ТОО «Prosperitea», БИН 220340018890 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Алматы, Бостандыкский р-н, ул.Егизбаева, д.7/9, н.п.174. тел.: 8 747 714 37 10

«AmonaKaz» ЖШС, БСН 230540033883 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен... бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік көшесі, 25 үй. т.: 8 707 425 68 87

ТОО «AmonaKaz», БИН 230540033883 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарыарқа, ул.Бейбітшілік, д.25. тел.: 8 707 425 68 87

«Стайл Group KZ», ЖШС, БСН 101040014677 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен... бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Малик Габдуллин көшесі, 19 үй, 11 кеңсе. т.: 8 701 522 45 15

ТОО «Стайл Group KZ», БИН 101040014677 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Байқоңыр, ул.Малика Габдллина, д.9, офис 11. тел.: 8 701 522 45 15

«ГЕРА97», ЖШС, БСН 210340019659 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен... бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Күйші Дина көшесі, 13 үй, 34 пәтер. т.: 8 777 902 00 66

ТОО «ГЕРА97», БИН 210340019659 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, ул.Күйши Дина, д.13, кв.34 тел.: 8 777 902 00 66

«Nika 001», ЖШС, БСН 230540042753 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен... бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Нұргиса Тлендиев даңғылы, 44А үй, 274 кеңсе. т.: 8 701 260 90 56

ТОО «Nika 001», БИН 230540042753 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарыарқа, пр.Нургиса Тлендиева, д.44А, офис 274. тел.: 8 701 260 90 56

«Almas Group 2023» ЖШС, БСН 230740028458 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен... бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Республика даңғылы, 18В үй, 15 пәтер. т.: 8 708 528 82 85

ТОО «Almas Group 2023», БИН 230740028458 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Байқоңыр пр.Республики, д.18В, кв.15. тел.: 8 708 528 82 85

«TvoiComfort.Ast» ЖШС, БСН 251140033240 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен... бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Сәкен Сейфуллин көшесі, 41 үй, 514 пәтер. т.: 8 705 429 50 00

ТОО «TvoiComfort.Ast», БИН 251140033240 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Байқоңыр ул.Сәкен Сейфуллина, д.41, кв.514. тел.: 8 705 429 50 00

ҚР Қаржы министрлігінің жаңа ережелері: Активтеріңізді қорғаңыз!

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Қаржы министрлігінің №654 бұйрығы күшіне енеді. Енді компания құрылтайшылары өз ЖШС-інің қарыздары үшін жеке мүлкімен тікелей жауап береді, ал директорларға елден шығуға тыйым салынады.

Жеке мүлікке қауіп төнді Құрылтайшылар компания қарызына тікелей жауапты болады.

Директорларға елден шығуға тыйым салу Компанияда қарыз болған жағдайда.

Мәселе сізді қуып жеткенін күтпеңіз! Біз Қазақстанда компаниядан заңды әрі жылдам жолмен, тіпті тыйымдар мен арест болған жағдайда да құтылуға көмектесеміз. Біздің тәжірибеміз – 13 жыл.

WhatsApp арқылы жазыңыз: 8707 155 75 78

Андрей Юрьевич, «Юридический Центр ПВ» ЖШС.

Новые правила Минфина РК: Защитите свои активы!

С 1 января 2026 года вступает в силу приказ №654 Министерства финансов РК. Теперь кредиторы компаний несут прямую ответственность по долгам своего ТОО своим личным имуществом, а директорам запрещен выезд из страны.

Личное имущества под угрозой Учредители отвечают по долгам фирмы напрямую.

Запрет на выезд из страны для директоров За наличие долгов на фирме

Не ждите, пока проблемы настигнут вас! Мы поможем законно и быстро избавиться от компании в РК, даже при наличии арестов. Наш опыт – 13 лет.

Напишите нам в WhatsApp: +7 707 155 75 78

Андрей Юрьевич, ТОО «Юридический Центр ПВ»

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Paving Stone Company» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі 49-3-бабына сәйкес «өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс үшін №7 полигон салу» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама Қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жағдайы туралы Ұлттық деректер банкі экологиялық порталында және т б орналастырылған (<https://ndbecology.gov.kz>), сондай-ақ 2026 жылғы 8 қаңтардан бастап 5 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.

Қосымша ақпарат телефоны: 8-705-230-87-30 және электрондық пошта: evgeniya-skoba@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Paving Stone Company» ссогласно статьи 49-3 Экологического кодекса Республики Казахстан уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство полигона №7 для промышленного и гражданского строительства».

Проектная документация размещена на экологическом портале Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (<https://ndbecology.gov.kz>), там же принимаются замечания и предложения в период с 8 января 2026 года в течение 5 рабочих дней.

Дополнительная информация по телефону 8-705-230-87-30 и электронному адресу: evgeniya-skoba@mail.ru.

ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қосшы қаласында тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсетуге бағытталған ірі жобалардың бірі – «Viamedis Kosshy» ЖШС емханасы пайдалануға беруге дайындықтың соңғы кезеңіне өтті.

Осы аптада қала мәслихатының төрағасы Әлихан Қуатбеков, әкімнің орынбасары Берген Жүмкейұлы және мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері мен БАҚ өкілдері медициналық нысанның құрылыс барысымен арнайы танысты.

Қаланың өсіп келе жатқан демографиясын және денсаулық сақтау саласына түсетін жүктемені ескерген бұл жоба – Қосшы үшін стратегиялық маңызы бар бастама. Тәулігіне 1 мың адамға дейін қабылдай алатын қуатқа ие емхана заманауи медициналық талаптар мен стандарттарға толықтай сай салынған. Алғашқы медициналық-санитарлық көмекпен қатар, бейінді қызметтерді де кешенді түрде көрсетуге мүмкіндік бар.

Жауапты мамандардың айтуынша, емхананың ресми ашылуы 2026 жылғы қаңтар айының ортасына жоспарланып отыр. Қазір медициналық ұйымның ішкі инфрақұрылымы толығымен қалыптасқан. Әр бөлімге тиесілі кабинеттер жабдықталып, заманауи медициналық құрылғылар мен қажетті құрал-жабдықтар орна-

тылған. Енді үздіксіз әрі сапалы жұмысын қамтамасыз ету мақсатында білікті дәрігер мамандарды іріктеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Медициналық кешен тек амбулаториялық қызметпен шектелмейді. Оның құрамында 350 төсек-орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы да қатар іске асып келеді. Осы орайда стационарлық бөлімді пайдалануға беру 2026 жылдың үшінші тоқсанына жоспарланған. Бұл нысан іске қосылған жағдайда қала тұрғындарына ғана емес, жақын маңдағы елді мекендерге де медициналық қызмет көрсету мүмкіндігі кеңейе түспек.

Толықтай жұмысын бастаған кезде медициналық мекеме онкология, хирургия, травматология, терапия және босандыру ісі сынды негізгі бағыттар бойынша шұғыл әрі жоспарлы стационарлық көмек көрсететін болады. Емхана мамандарының айтуынша, бұл – бұрын облыс орталықтарына немесе елордаға баруға мәжбүр болған тұрғындар үшін үлкен жеңілдік.

ҰЛТ ҰҒЫМЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫНЫҢ МӘНІ



Қазақ тарихына көз жүгіртсек, Жылқы жылы көбіне ел өміріндегі елеулі оқиғалармен, күрделі кезеңдермен, сонымен қатар ілгерілеу және серпілістермен ерекшеленіп отырған. Бұл жылдары жаугершілік заманның шешуші шайқастары, елдің тағдырын айқындаған тарихи бетбұрыстар, экономикалық және әлеуметтік реформалар іске асқан. Халық жадында Жылқы жылы тек ауыр сындармен ғана емес, мәдениет пен руханияттағы табыстармен, өнер мен әдебиеттің өрлеуімен де есте қалған.

Жалпы, жұмырбасты әр пенде жаңа жылдан үлкен үміт күтеді. Өйткені әрбір жылдың адам баласына берер өз несібесі, сынағы һәм сыйы бар. Халық арасында кең

тараған «Жаңа жылды қалай қарсы алсаң, жылды солай өткізесің» деген ұғым бекер айтылмаған. Бұл – адамның ішкі көңіл күйі мен ниетінің алдағы уақытқа ықпал ететінін меңзейтін өмірлік философия. Расында өткен жылдарды еске алып, жаңа жылды қалай қарсы алғаныңызды ой таразысына салсаңыз, бұл сөздің шындыққа жанасатынын аңғару қиын емес.

Табалдырығымыздан аттағалы тұрған Жылқы жылының басты ерекшелігі неде? Зерттеуші-ғалымдар мен этнографтар Жылқы жылының сипатын осы жануардың табиғи болмысымен, мінезімен, қасиеттерімен байланыстырады. Жылқы – үйірімен жүретін, еркіндікті сүйетін, бірақ иесіне адал жануар. Сондықтан бұл жылы жаңа жылды отбасымен, ағайын-туыспен, бірлік пен татулықта қарсы алған абзал саналған. Халқымыз жеті қазынаның біріне балаған жылқыны тек көлік немесе мал ретінде емес, серік, сенім, намыс символы ретінде қабылдаған.

Жұлдызшылар мен болжамшылардың айтуынша, Жылқы жылы бұрын жабық болып келген кейбір шындықтардың ашылуымен, құпия сырлардың жария болуымен ерекшеленуі мүмкін. Бұл –

қоғамда да, жеке адамдар өмірінде де әділдік пен айқындыққа бетбұрыс жасалатын кезең. Сонымен қатар келер жылы адамдардың бейбіт, мамыражай тіршілік кешуіне мүмкіндік мол болады деп болжанады. Дегенмен жылдың алғашқы жартысы оңай соқпайды деген пікір де бар. Болжамшылардың айтуынша, бұл кезең жылқының баптауға бірден көне бермейтін асау мінезіндей, экономикалық өзгерістерге, қайта құруларға толы болады. Әлемнің кейбір елінде әлеуметтік толқулар мен тұрақсыздық байқалуы мүмкін. Ал ауа райына қатысты болжам бойынша, қыстың алғашқы жартысы қаталдау болып, жаз мезгілі кешігіп шығуы ықтимал.

Қазақ тарихында Жылқы жылы дүниеге келген әйгілі тұлғалар аз емес. Мәселен, ержүрек батыр Қаракерей Қабанбай, абыз ақын Жамбыл Жабаев, ұлт руханиятының алыптары Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сынды біртуар ақын-жазушылар осы жылы туған. Олардың әрқайсысы ел тарихында өшпес із қалдырып, қазақ халқының рухани биігін асқақтатты. Бұл да Жылқы жылының қуаты мен қасиетін айғақтай түседі.

Жаңа жылды қауіпсіз қарсы алайық



Пиротехникалық бұйымдар (фейерверктер, салюттер, петардалар, бенгаль оттары) мерекелер мен жаппай іс-шаралар кезінде кеңінен қолданылады. Алайда оларды дұрыс пайдаланбау адам өмірі мен денсаулығына үлкен қауіп төндіреді.

Пиротехниканың негізгі қауіптері:

- тері мен көздің күйіп қалуы;
- қол мен бет жарақаттары;
- киімнің, ғимараттардың, автокөліктердің тұтануы;
- өрт пен жарылыстар;
- қатты дыбыстардың есту қабілетіне зиян келтіруі.

Қауіпсіз пайдалану ережелері:

- пиротехникалық бұйымдарды тек ресми дүкендерден сатып алынған, сертификатталған түрлерін ғана қолданыңыз;
- қолданар алдында өндірушінің нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз;
- пиротехниканы тек ашық алаңдарда, ғимараттардан, ағаштардан, электр желілерінен және автокөліктерден алыс жерде іске қосыңыз;
- жерге орнатуға арналған бұйымдарды қолыңызда ұстамаңыз.
- жанған фитильге ешқашан еңкеймеңіз.
- алкогольдік немесе есірткілік мас күйде пиротехниканы пайдалануға болмайды;
- пиротехникалық бұйымдарды балаларға беруге қатаң тыйым салынады;
- бұйым іске қосылмай қалған жағдайда, оған кемінде 5-10 минут жақындамаңыз;

Жазатайым жағдай кезіндегі әрекеттер:

- күйік алған жағдайда зақымданған жерді дереу ағын сумен салқындатыңыз;
- ауыр жарақат немесе өрт болған кезде шұғыл қызметтерге хабарласыңыз;
- қатты зақым алған кезде өз бетіңізше емделмеңіз;

Қорытынды

Пиротехникалық бұйымдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау жарақаттар мен қайғылы жағдайлардың алдын алады. Есіңізде болсын: мерекелік көңіл-күй адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмеуге тиіс. Қажет болған жағдайда 101 немесе 112 нөмірлеріне қоңырау шалыңыз.

Е. САҒНАЕВ,

Қосшы қаласы ТЖБ аға инженері,
азаматтық қорғау капитаны

Қосшы қаласының ЖРО – өңір үздігі

Көкшетау қаласында Ақмола облысы әкімінің орынбасары Досұлан Айтбаевтың қатысуымен жастар саясаты саласы бойынша жыл қорытындысына арналған салтанатты іс-шара өтті.

Шара барысында өңір жастарының қоғамдық өмірге белсенді араласып, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі ерекше атап өтілді. Жастардың бастамашылдығы мен жауапкершілігіне жоғары баға беріліп, жастар саясатын жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін Ақмола облысы әкімінің орынбасары Досұлан Айтбаев бірқатар азаматты алғыс хаттар

мен марапаттады.

Жыл қорытындысы бойынша, Қосшы қаласының Жастар ресурстық орталығы өз жұмысындағы жүйелілік, нәтижелілік және жастармен тығыз байланыс орнатудағы белсенділігі үшін «Үздік жастар ресурстық орталығы» номинациясына ие болды.

– Бұл жетістік – орталық ұжымының, белсенді жастар мен еріктілердің бірлескен

еңбегінің нәтижесі. Басты мақсатымыз – жастардың әлеуетін ашу, олардың бастамаларын қолдау және қоғам өміріне белсенді араласуына жағдай жасау. Алдағы уақытта да жастар саясатын дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырамыз, – деді Қосшы қаласы Жастар ресурстық орталығының басшысы.

Салтанатты іс-шара өңір-



дегі жастар саясатының маңыздылығын айқындап, жастарға жаңа серпін берді. Алдағы уақытта да жастар-

дың белсенділігін арттыруға, олардың бастамаларын қолдауға бағытталған жұмыстар өз жалғасын табады.

Жастардың жұлдызын жакқан жарқын жоба

Қоғамның қозғаушы күші саналатын белсенді әрі талантты жастарды қолдауға бағытталған «Жаңа толқын-2025» үздік жастар байқауы биыл да өз мәресіне жетіп, ел дамуына үлес қосып жүрген жас азаматтардың еңбегін жоғары бағалады.

Аталған байқау – жастардың қоғам өміріндегі белсенділігін арттыру, олардың жетістіктерін насихаттау және өзгелерге үлгі ету мақсатында ұйымдастырылған бірегей жоба. Салтанатты кеш барысында әр салада табандылығымен, еңбегімен ерекшеленген жастар түрлі номинациялар бойынша марапатталды.

Байқау жеңімпаздары спорт, кәсіпкерлік, медицина, білім, волонтерлік, құқық қорғау, IT және шығармашылық бағыттар бойынша үздік деп танылып, лайықты құрметке ие болды. Әсіресе, «Үздік жас кәсіпкер» номинациясының иегері Нұржамал Қалбайдың жетістігі көпшілікке үлгі болды.

– Бүгінгі жастар – батыл, креативті және жауапкершілігі жоғары. Осындай байқаулар жас кәсіпкерлер мен мамандарға үлкен мотивация береді. Мемлекет пен қоғам тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау олардың өз ісіне сенімін арттырып, жаңа бастамаларға жол ашады. «Жаңа толқын» – болашақ көшбасшыларды тәрбиелейтін маңызды алаң, – деді



жергілікті кәсіпкер, қоғам белсендісі Ерлан Исаев.

Салтанатты кештің сәнін келтірген жұлдызды қонақ – жастардың сүйікті

әншісі Мәди Қадыров кешке ерекше көңіл күй сыйлады.

Jana
BastauМеншік иесі –
«Bastau Media» ЖШСДиректор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫБас редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВБас редактордың орынбасары,
веб-редактор
Ғанибет ҒАЛЫМБЕКҰЛЫЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархаббат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші

Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор

Ерік ЕЛЕУСІЗ

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы мелисім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 күнәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

📍 Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46☎ Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

📰 Газет «Jana Bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

✉ janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz